

"Лотереялар және лотерея қызметі туралы" 2016 жылғы 9 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2016 жылғы 22 маусымдағы № 50-ө өкімі

1. Қоса беріліп отырған "Лотереялар және лотерея қызметі туралы" 2016 жылғы 9 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі - тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі:

1) тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізісін;

2) тиісті нормативтік құқықтық актіні қабылдасын және қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

Премьер-Министр

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2016 жылғы 22 маусымдағы
№ 50-ө өкімімен
бекітілген

"Лотереялар және лотерея қызметі туралы" 2016 жылғы 9 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

Р/с №	Нормативтік құқықтық актінің атауы	Акт нысаны	Орындауға жауапты мемлекеттік органдар	Орындалу мерзімі	Нормативтік құқықтық актілердің сапасына, уақтылы әзірленуі мен енгізілуіне жауапты тұлға
1	2	3	4	5	6
1.	Лотереялар және лотереялық қызмет саласындағы уәкілетті органды айқындау туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	МСМ	2016 жылғы маусым	С. Ж. Мұсайбеков
2.	Лотерея операторын және оған лотерея өткізу құқығын беру мерзімін айқындау туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	МСМ	2016 жылғы маусым	С. Ж. Мұсайбеков
	Қазақстан Республикасының лотереялар және лотерея қызметі	Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт			

3.	туралы заңнамасының орындалуының тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парактарын бекіту туралы	министрінің және Ұлттық экономика министрінің бірлескен бұйрығы	МСМ, ҰЭМ	2016 жылғы маусым	С. Ж. Мұсайбеков
----	---	---	-------------	-------------------	------------------

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

МСМ - Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі

ҰЭМ - Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК